

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 шілдедегі N 639 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 шілдедегі N 1125 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 қазандағы № 1192 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.10.20 № 1192 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдардың қызмет өткеруі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 шілдедегі N 639 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 26, 302-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әділет органдары қылмыстық-атқару жүйесінің қатардағы және басшы құрамдағы адамдарының қызмет өткеруі туралы ережеде:

16-тармақтың 3) тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

"Үш жасқа толғанға дейінгі бала күтімі жөніндегі еңбекақысы сақталмайтын демалыста болған кезеңінде ҚАЖ қызметкері ҚАЖ-дың тиісті органының немесе мекемесінің қарамағына есепке алынады. Үш жасқа толғанға дейінгі бала күтімі жөніндегі еңбекақысы сақталмайтын демалыс уақытында ҚАЖ қызметкерінің жұмыс орны (лауазымы) сақталады.";

18-тармақтың үшінші абзацы мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"41-тармақтың 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген, жұмыс уақыты мен демалыстар кезеңінде ауырып қалғаны туралы қызметкер кадр қызметіне және тікелей басшысына хабарлайды.".

19-тармақтың екінші абзацында "және олардың орынбасарларын" деген сөздерден кейін "атқарып отырған лауазымында" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

62-тармақтың 1) тармақшасында "ұлттық қауіпсіздік," деген сөздерден кейін "прокуратура, кеден қызметі," деген сөздермен толықтырылсын;

81-тармақтың екінші абзацында "Ол" деген сөз "Қызметтік тергеу" деген сөздермен ауыстырылсын;

83-тармақтың бірінші абзацы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"ҚАЖ қызметкерін тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықпен жеке таныстыруға мүмкіндік болмаған жағдайда, ҚАЖ-дың тиісті бөлімшесі тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықты (көшірмені) ҚАЖ қызметкеріне хабарламалы хатпен жіберуге міндетті."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*